

При поступлении на обучение в 5-классы проводится тестирование по казахскому языку.

Количество заданий – 15. Время выполнения – 45 минут. Правильный ответ выполненного задания оценивается в 1 (один) балл, за неправильный ответ – 0 баллов.

Ученику предоставляется работа с текстом, где количество слов составляет 100-150 слов. Знание языка проверяется через навыка – чтение.

К тексту прилагается тестовые задания. Задания даны на понимание содержания текста.

Образец задания:

Зерек патша

Ертеде бір жас патша болыпты. Ол өсімдіктердің пайдасы жайлы көп ойлайды екен. Бірде ол: «Шаһар айналасындағы пайдасыз өсімдіктерді жою керек. Маған ең жаман өсімдіктерді алып келіңдер», – деп тапсырма береді. Уәзірлер патшаға қоға, сексеуіл, жусан, алаботаны алып келеді. Патша: «Оларды базарға апарып, өте төмен бағамен сатыңдар», – дейді. Түстен кейін патша базарға барса, ешқандай өсімдік қалмапты. Ең бірінші сексеуіл таусылыпты. Оны көп сатып алған адам:

Сексеуілді мен отын қыламын, – депті. Екінші қоға таусылыпты. Оны көп сатып алған адам:

Мен қоғадан арқан, жіп есемін, ыдыс та оқимын, үшінші жусан таусылған. Оны да сатып алған былай депті: - Жусан – өте пайдалы өсімдік. Ішің ауырса, жусанды қайнат та суын іш. Жусанның қайнаған суына жіп бояймын.

Төртінші алабота таусылыпты. Мұны көп сатып алған адам: – Мен алаботадан сабын, дәрі жасаймын, – деп айтыпты.

Ақылды патша әр өсімдіктің пайдасы бар екенін түсініпті. Сөйтіп жаман өсімдік іздеуді тоқтатпапты. **(133 сөз)**

1. Денсаулыққа пайдалы өсімдіктер
 - А) Жусан мен алабота
 - В) Қоға мен сексеуіл
 - С) Жусан мен қоға
 - Д) Изен мен қоға
 - Е) Сексеуіл мен жусан
2. Патшаға тән қасиет
 - А) Тәкаппарлық
 - В) Зұлымдық
 - С) Еңбекқорлық
 - Д) Ақылдылық
 - Е) Шешендік
3. Арқан жасауға болатын өсімдік
 - А) Қоға
 - В) Жусан
 - С) Сексеуіл
 - Д) Алабота
 - Е) Изен
4. Ханға өсімдіктердің бәрі пайдалы екендігін түсіндіруші
 - А) Халық
 - В) Кеңесші
 - С) Уәзір
 - Д) Ұлы
 - Е) Саудагерлер
5. Мәтіннің түйіні

- A) Өсімдіктердің бәрі пайдалы
- B) Ханның ақылы
- C) Адамдарға өсімдіктер керек.
- D) Алабота –пайдасыз өсімдік.
- E) Өсімдіктердің барлығы сатылды.

Дұрыс жауаптары:

- 1-А
- 2- Д
- 3-А
- 4-А
- 5-А

Әңгімені оқы. Мәтін бөліктерін ретімен қой.

- A. Осы кезде жас жігіт аюды тастап, ағаштың басына шығып кетеді. Ауру жігіт ағашқа шыға алмайды.
- B. Аю ауру жігіттің қасына келеді. Оны иіскейді де, кетіп қалады.
- C. Екі дос кісі жолдас келе жатады. Олардың алдынан бір аю шығады. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт екен.
- D. Жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:
 - Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?
- E. Ауру жігіт сонда:
 - Аю маған: «Басқа дос тап. Мұндай адаммен жолдас болма», -деді. Досы қатты ұялып төмен қарады.

Дұрыс жауабы

- 1. С
- 2. А
- 3. В
- 4. Д
- 5. Е

Ертеде шырылдауық Шегіртке болыпты. Ол өте сауықшыл әрі жалқау екен. Жаз бойы көңілді өмір сүріпті: ән айтыпты, би билепті. Ол жапырақты тамақ қылады, көрпе етіп жамылады, үй ретінде пайдаланады. Осылайша өтіп, күз келеді. Сауықшыл Шегіртке ештеңе ойламапты. Жаз, күз кетті. Одан соң қыс келеді. Шегіртке қатты тоньпты, қарны ашыпты. Ол Құмырсқадан көмек сұрайды. Қарағым, жылытшы, тамақ берші, - деп жалынады.

Құмырсқа сонда: «Неге жазда тамақ жинамадың? Неге жазда жұмыс істемедің? Неге жазда үй салмадың?» - деп ренжиді.

- 1. Мәтіндегі өте еріншек жәндік
 - A) Құмырсқа
 - B) Ара
 - C) Шегіртке
 - D) Шыбын
 - E) Маса

2. Шегіртке қандай жәндік

- A) Жалқау
- B) Еңбекқор
- C) Тәкаппар
- D) Адал
- E) Өзімшіл

3. Шегіртке көмек сұраған жәндігі

- A) Құмырсқа
- B) Ара
- C) Шегіртке
- D) Шыбын
- E) Маса

4. Жаз кезіндегі Шегірткенің әрекеті

- A) Өн айтыпты
- B) Үй салыпты
- C) Азық жинапты
- D) Үй іздепті
- E) Құмырсқаға көмектескен.

5. Мазмұнына сай мақал

- A) Білімдіге дүние жарық
- B) Еңбектің наны тәтті
- C) Балалы үй –базар.
- D) Отансыз орман –ормансыз бұлбұл.
- E) Туған жердің түні де, күні де ыстық.